

УДК 340.128

**АҚШ ЖӘНЕ БАТЫС ЕУРОПА ТӘЖІРИБЕСІ БОЙЫНША  
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТЕР ҚЫЗМЕТІНІҢ  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Қасенов Ердос Болатулы**

[Erdos97@mail.ru](mailto:Erdos97@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
Заң факультетінің 2 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі - Д.Б. Османова

ЖОО-ның стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуі, еңбек нарығының талаптарына сай жылдам бейімделуі, бәсекеге қабілетті білікті мамандар даярлауы олардың басқару жүйесінің

тиімділігімен тығыз байланысты. Шетелдік оқу орындарындағы қамқоршылық кеңесі қызметінің озық тәжірибесі ретінде АҚШ және Батыс Еуропа елдерінің үздік ЖОО-ның тәжірибесі талдау жасалады.

Қазақстанның экономикалық және саяси дамудың жаңа сатысына шығуы жоғары оқу орындарын басқаруды трансформациялау мәселесін күн тәртібіне шығарды. Бұл жоғары оқу орындарын басқару мәселесімен тікелей байланысты. Елімізде жылдар бойы қалыптасқан жоғары оқу орындарын басқарудың қалыптасқан дәстүрлі жүйесі бүгінде мемлекет пен қоғамның, жұмыс берушілердің талаптарына жауап бере алмайды. Осы себептен, жоғары оқу орындарын басқарудың Осыған байланысты тәжірибе көрсеткендей, жинақталған шетелдік және отандық тәжірибеге негізделген, университеттің демократиялық басқарудың ұйымдастыру принциптерін қарастырған жөн.

Жоғары білім беруді басқару бүгінгі таңда барша әлем елдеріндегі ғылыми ортада қызу пікірталасқа арқау болып тақырыптардың бірі. Төртінші индустриалдық революция немесе постиндустриалдық қоғамдарда қалыптасқан әлемдегі еңбек нарығының құрылымы мен мәнінің түбегейлі өзгерісі ЖОО-н басқарудың жаңа талаптарын міндеттеуде.

Жоғары оқу орындарының автономиялылығын қамтамасыз ететін ең басты құрылымдық институт – қамқоршылық кеңестер болып табылады.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен бекітілген бағдарламаға (бұдан былай ББҒДМБ) сәйкес жоғары оқу орындарының басқару жүйесін трансформациялау тұрғысынан 2019 жылға дейін байқау кеңестері мен қамқоршылық кеңестер құрылып, қызметін бастайды[1]. Осы мақсатта ЖОО-да байқау кеңестері және қамқоршылар кеңесі құрылады. Олардың құрылымы, қызметін реттеу үшін шетелдік озық тәжірибелерді зерттешен телориялық және эмпирикалық зерттеулерді сараптаумен қоса, еліміздегі заңнамадағы олқылықтардың орнын толтыру қажет. Бұл үшін дәл осы мақсатқа бағытталған арнайы салыстырмалы зерттеу жүргізу маңызды болып табылады[2].

Американдық және еуропалық университеттерде Қамқоршылық Кеңесі университеттің миссиясын қалыптастыру, оның мақсаттарына қол жеткізу үшін қадамдар жасау, факультеттердің, ғылыми орталықтар мен университеттің басқа да бөлімдерінің саны мен сипатын анықтау, университет тағайындаған мамандықтар мен біліктілік туралы шешім қабылдау мәселелерімен айналысады. Білім беру саласындағы саясаттың мазмұны оқу бағдарламаларын, зерттеу бағдарламаларын, институтқа түсу туралы болжамдарды, оқытушылар құрамын біліктілігін арттырудың жоспарларын, ғимараттарды қайта құру және жөндеу жоспарларын және жабдықтарды жаңартуды, қаржылық жоспарларды қарастырады[3].

Осы салада көлемді эмпирикалық зерттеулер жүргізген И. Блейкли және М. Коган ЖОО-дағы Қамқоршылық Кеңес қызметінің негізгі бағыттарын төмендегідей етіп сипаттайды:

- мамандар даярлау, соның ішінде негізгі жұмыс беруші кәсіпорындар мен ұйымдардың еңбек нарығындағы сұраныстарын негізге ала отырып маман даярлау;

- ЖОО-мен әлеуметтік әріптестік қатынасын орнықтырған кәсіпорындар мен ұйымдарда білім алушылардың өндірістік тәжірибеден өтуіне жағдай жасау;

- ЖОО-мен әлеуметтік әріптестік қатынасын орнықтырған жұмыс беруші кәсіпорындар және ұйымдар ұсынған бағыттар бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарына қаржылық қолдау көрсету;

- дарынды білім алушыларға гранттар мен стипендиялар тағайындау, шетелдік озық оқу орындарында білім алуына қолдау көрсету;

- ЖОО-мен әлеуметтік әріптестік қатынасын орнықтырған жұмыс беруші кәсіпорындар және ұйымдарда жұмысқа орналасу шартымен ЖОО-ның қаржылық қорының есебінен білім алушылардың шетелдерде білім алуын қаржыландыру;

- жаңа мамандықтардың ашылуы, еңбек нарығы талаптарына сай кадрлар даярлау негіздерін айқындау болып табылады[4].

ЖОО басқаруды еңбек нарығының сұраныстарына сай тиімді ұйымдастыру, бұл, АҚШ пен Батыс Еуропа университеттеріндегі Қамқоршылар Кеңесінің басты міндеті. Іс жүзінде бұл, университет ұсынатын оқу жоспарының сапасын бағалаудан және университеттің материалдық және интеллектуалдық ресурстарының тиімділігін бағалаудан тұрады. Бағалау критерийі ретінде кеңестер көбінесе университеттің миссиясын, оның мақсаттары мен міндеттерін негізге алады. Кеңес университеттің қызметін бағалайтын ең басты орган болып табылады. Жекелеген ЖОО-ның жарғысы, Кеңестің өз қызметін басқа университет органдарына беруіне немесе сыртқы мекемелер арқылы қадағалаттыруға мүмкіндік береді[5].

Біздің еліміздегі осындай функция басым емес және университеттің қызметін мемлекеттік және үкімет тарапынан, басқа ұйымдармен және университеттің жұмысына едәуір әсер ете алатын тұлғалар ұсынған жағдайда ғана қаржылық және заңды түрде тексеруден түседі.

Қамқоршылық кеңестер ЖОО-ның ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарын орындалуын бақылау жасайды. Кеңес университеттің қандай жоғары оқу орнына айналуы туралы мәселе бойынша түпкілікті шешім қабылдауға құқылы. Университет президенті немесе ректоры кеңестерден шыққан шешімдердің орындалуы мен жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді[6].

ЖОО-да ректорды сайлау өкілеттігі де көп ретте қамқоршылар кеңесіне беріледі. Ректордың өкілеттіктері университет бөлімшелеріндегі басты лауазымдарға тағайындалу мәселелерінде айтарлықтай шектелген. Ол міндетті түрде кеңесте университет қызметкерлерін, бірінші кезекте факультет декандарын тағайындау және жұмыстан шығару туралы, сондай-ақ көп жылдық келісімшарттары бар университеттің барлық оқытушылары мен қызметкерлері туралы кеңес береді. Қамқоршылық кеңестің өкілі көп ретте ЖОО-дағы негізгі бос лауазымдарды кадрмен қамтамасыз ету комиссиясының мүшесі болып табылады[7].

Кеңестің айрықша құзыреті - бұл университеттің меншігіндегі жылжымайтын мүлікті басқару, демеушілерден және түрлі қорлардан түсетін қаржы көздеріне қатысты шешімдер қабылдайды, ЖОО-ның даму жобаларына инвесторлар тарту мәселесімен айналысады. Сонымен қатар, Қамқоршылар Кеңесі университеттің бюджетін бекітеді, ЖОО-ның стратегиялық қаржылық шешімдерді орындалуын бақылайды. Кеңестің осы саладағы, материалдық және қаржылық ресурстарға қатысты өкілеттігі өте үлкен. Бұл ЖОО-ның жарғысында нақты айқындалып көрсетілген[8].

ЖОО-ның Қамқоршылық Кеңесі сыртқы бақылаудың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Мұндайда университеттің құрылымдық бөлімшелерінің мақсаттары жалпы стратегиялық бағыттарға қаншалықты сәйкес келетінін тексереді.

Іс жүзінде мұндай бақылау университеттің ішкі құрылымдарында мезгіл-мезгіл жүзеге асырылады. ЖОО-ның құрылымдары мен әкімшілігінің қызметіне баға беруде олардың мақсаттарының университеттің ұзақ мерзімді мақсаттарына сәйкес келуі, мақсаттарға жетудің нақты мерзімдері, материалдық және интеллектуалдық әлеуетті дұрыс, ұтымды және тиімді пайдалану, университеттің ішкі құрылымы мен әкімшілігінің тиімді және оңтайлы қызметі негізгі критерий болып табылады. АҚШ және Батыс еуропалық университеттердегі қамқоршылар кеңестерінің функциялары осы негізде қызмет атқарады. Олардың қызметіне саралай отырып төрт басым бағытты айқындауға болады:

- университеттің миссиясын айқындау және дамыту;
- ЖОО-да білім алатын барша студенттер, магистранттар мен докторанттардың, профессорлық-оқытушы құрам мен ғылыми қызметкерлердің жалақысы, кәсіби-біліктілігін көтеру және әлеуметтік қолдау мәселелері туралы шешім қабылдау;
- академиялық мәселелер, еңбек нарығының сұранысы негізінде жаңа оқу бағдарламаларын бекіту;
- университеттің материалдық ресурстарын басқару[9].

Университеттердің қамқоршылар кеңесі қызметін сипаттасақ, олардың құрылымын, құрамын және құрылу критерийлерін талдау аса маңызды.

Жоғарғы оқу орындарының қамқоршылар кеңесі жарғыға сәйкес белгіленген міндеттер мен мақсаттарды жүзеге асырады. Қамқоршылар кеңесі 13 адамнан тұрады, олардың 11-і дауыс беру құқығына ие. Тоғыз мүшені алты жыл мерзімге мемлекеттік губернатор тағайындайды және Иллинойс штатының Сенатымен бекітіледі. Қамқоршылар Кеңесінің үш мүшесі сайлау өткізу арқылы студенттер арасынан сайланады. Губернатордың шешімімен Кеңестегі студенттер өкілдерінің бірі дауыс беру құқығына ие, екіншісі кеңесші мәртебесінде болады.

Қамқоршылық кеңестің мүшелері ЖОО-дағы барлық тұрақты комитеттердің мүшелері болып табылады. Кеңестің төрағасы кеңес мүшелерінің біреуін тағайындайды және бір жыл ішінде комитеттердің біріне төрағалық етеді.

ЖОО-ның Қамқоршылар кеңесі университеттің қызметі туралы ережені дайындайды. Бұл ережеде университет басшылығы мен әкімшілігі қызметінің, факультеттер мен ғылыми институттар қызметінің барлық мәселелері егжей-тегжейлі айқындалады. Атап айтқанда мына мәселелер нақты қарастырылады: а) университеттің құрылымы, құрылымдық бөлімшелердің өкілеттігі, құқықтары мен міндеттері; б) университет қызметін реттейтін ережелер мен актілер; в) бос лауазымдарға оқытушылар мен университеттің басқа да қызметкерлерін жұмысқа қабылдау шарттары; г) ғылыми зерттеулерді қаржылай қамтамасыз ету, студенттерге материалдық көмек көрсету, сондай-ақ зияткерлік меншік, патенттерді қорғау мәселелері болып табылады. Университет жарғысы немесе ережесіне енгізілетін барлық өзгерістер Қамқоршылар кеңесінің мақұлдауынан кейін ғана мүмкін болады[10].

Қамқоршылық кеңес қызметі туралы ережемен бірге университеттің жалпы ережесі де Кеңесте бекітіледі. Аталған ережелер университеттің қосалқы қызметтерінің құрылымын, құқықтары мен міндеттерін белгілеп, университеттің мүлкіне басқару және билік ету шарттарын анықтайды. Университеттің жалпы ережесіне өзгеріс енгізу Қамқоршылық Кеңесінің бірден-бір өкілеттісіне жатады. Бұл университеттің Президенті мен Сенатымен кеңес өткізгеннен кейін жасалады[11].

Бүгінгі таңда Қазақстандағы ЖОО-да құрылған Қамқоршылар Кеңестерінің қызметі мен өкілеттіктері АҚШ және Батыс еуропалық ЖОО-дағы кеңестердің қызметінен мүлдем бөлек. Осы тұрғыдан алғанда Қамқоршылар кеңестерінің формальды түрде жұмыс атқаруы емес, оның ішкі мәні мен мақсатына сай жұмыс жасауы аса маңызды болып табылады.

Университеттердің қамқоршылар кеңесі қызметінің тиімділігі, негізінен, қамқоршылардың жеке және кәсіби қасиеттеріне және университеттің мәселелерін қаншалықты жақсы білетініне байланысты болады. Кеңес мүшелерінде университеттің дамуына көмектесу үшін қажетті барша өкілеттіктер бар. Қамқоршылар Кеңесі құрамына университеттің беделді оқытушылары, нобель сыйлығының лауреаттары, студенттер, жұмыс берушілердің өкілдері және жергілікті атқарушы билік органдарының өкілдерінің қатыстырылуы университеттің мұрасын (дәстүрлерін) одан әрі уақыт талабына сай дамытуға, аймақтағы оқу үдерісінің ерекшеліктерін және осы үдерістегі университеттің рөлін түсіну арқылы жетілдіруге мүмкіндік береді[12].

Осылайша, білім беру саласындағы демократияландыру үдерістері классикалық жоғары оқу орындарын басқарумен байланысты мәселелердің кең ауқымын қамтиды. Жоғарғы оқу орындарының автономиялық деңгейге жетуі тұтыстай алғанда демократияландыру қағидасы университеттерде қамқоршылар кеңесін құру арқылы жүзеге асады. Осы тұрғыдан АҚШ және батыс еуропалық ЖОО-ның тәжірибесін жете зерделеп, қолдану аса маңызды[13].

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, Қамқоршылар Кеңесі көбіне 13-15 мүшеден құралады. Кеңес мүшелері ЖОО-ның қызметі мен мәнін түсінетін адамдар арасынан болуы аса маңызды. ЖОО-ның дамыту, оның стратегиялық мақсаттарын жете түсіну, тәуелсіз, өзіндік ой-пікірінің болуы және оны еркін білдіруі, жоғары білімі және жұмыс тәжірибесінің болуы, студенттер мен өзге білім алушылардың, профессорлық-оқытушы құрамның, ғылыми зерттеушілердің мұң-мұқтажын түсінетін болуы, басқарушылық қабілетінің болуы университеттің дамуына серпін беретін факторлар. Сол себепті американдық ЖОО-да кеңестерге мүше сайлау барысында осы факторлар басты назарға алынады[14].

Кеңес құрамында студенттер өкілдерінің болуы, университетті басқаруда студенттердің де мүдделерінің ескерілуі басқарудың жалпы бағыт-бағдарына өзгеше серпін береді. Сонымен қатар, бұл университеттің әлеуметтік жауаптылығына да өзіндік ықпал етеді. Американдық ЖОО-дағы кеңестерде мүшелікке мемлекеттік билік органдары өкілдерін көптеп тартуғы жол берілмейді. Тәжірибе көрсеткендей, атқарушы билік органдарының қамқоршылық кеңестерде аса ықпалды дәрежеде болуы ЖОО-ның дамуына оңды әсер етпейді. Дегенмен, АҚШ-та штат губернаторы қамқоршылық кеңес мүшесі болатын жағдайлар да бар[15].

Университеттің қамқоршылар кеңесі қызметінің экономикалық аспектілеріне тоқталар болсақ, мұндай өкілеттіктерге төмендегілер жатады:

- ЖОО-на тиесілі жылжымайтын мүлікті пайдаланудың мақсаттары мен тәсілдерін анықтау;

- студенттердің, оқытушылардың және басқа да университет қызметкерлерінің ЖОО-дағы мүліктік жауаптылығына қатысты мінез-құлық ережелерін анықтау;

- ЖОО ұсынатын қызметтер үшін ақшалай төлемдердің мөлшерін белгілеу;

- студенттерге қаржылық көмек көрсету, материалдық ынталандыру, жеке еңбекақы төлеу;

- ЖОО-ның инвестициялық саясатын айқындау, университеттің мүлкін және қаржысын пайдалану болып табылады.

ЖОО-ын басқаруда американдық және Батыс еуропалық университеттерде қызмет ететін қамқоршылар кеңесі тәжірибесін Қазақстанда қолданудың бірқатары қиындықтар мен кедергілерге тап болатыны сөзсіз. Дегенмен, бұл тәжірибе әлемдегі көптеген дамушы елдердің жекелеген ЖОО-да табысты түрде қолданылып, жүзеге асырылғанын ескерген жөн. Бүгінде Ресейден бөлек, Түркия, Малайзия және Шығыс Еуропа елдерінде де аталған тәжірибе негізінде ЖОО-ын басқару жүйесі трансформациялануда.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы.  
<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U160000205>

2. Felt, U. ve Glanz, M. (2003). University autonomy in Europe: changing paradigms in higher education policy. Special Case Studies. Decision-Making Structures and Human Resources Management in Finland, France, Greece, Hungary, Italy, The Netherlands, Spain and the United Kingdom, University of Vienna.  
[http://sciencestudies.univie.ac.at/fileadmin/user\\_upload/dep\\_sciencestudies/pdf\\_files/pdfs\\_abgeschlossene\\_projekte/University](http://sciencestudies.univie.ac.at/fileadmin/user_upload/dep_sciencestudies/pdf_files/pdfs_abgeschlossene_projekte/University)

3. Bleiklie, I. ve Kogan, M. (2007). Organization and governance of universities. Higher Education Policy, 20, 477-493.

4. Benjamin, H. E. (2004). Boards of trustees in higher education: A research program. 09 Ekim 2012 tarihinde  
[http://www.ilr.cornell.edu/cheri/conferences/upload/2002/chericonf2002\\_01.pdf](http://www.ilr.cornell.edu/cheri/conferences/upload/2002/chericonf2002_01.pdf)

5. Farnham, D. (1999). Managing academic staff in changing university systems. Buckingham: SRHE & OU Press.

6. Saint, W. (2009). Guiding universities: University governance and management around the globe. Washington DC: Human Development Network World Bank.

7. Pusser, B. ve Ordorika, I. (2001). Bringing political theory to university governance: The University of California and the Universidad Nacional Autónoma De México, Higher Education, Handbook of Theory And Research.

8. OECD. (2003). Changing patterns of governance in higher education. Education policy analysis. Paris: OECD.

9. Martorana, S. V. (1963). College boards of trustees. Washington, DC: The Center for Applied Research in Education.

10. Kezar, A. J. (2006). Rethinking higher education governing boards performance: Results of a national study of governing boards in United States. *The Journal of Higher Education*, 77(6), 968-1008.
11. Ingram, R. T. (1980). *Handbook of the college and university trusteeship*. San Francisco Washington London: Jossey-Bass Publishers.
12. Bleikle, I. & Kogan, M. (2007). Organization and governance of universities. *Higher Education Policy*, 20, 477-493. doi:10.1057/palgrave.hep.8300167
13. De Boer, H. & File, J. (2009). *Higher education governance reforms across Europe*. Brussels: ESMU.
14. Fielden, J. (2008). Global trends in university governance (No. 44244) (pp. 1–70). Washington, DC: The World Bank. Retrieved from <http://documents.worldbank.org/curated/en/2008/03/9567235/global-trends-university-governance>
15. DOĞRAMACI, (2000), İhsan, Günümüzde Rektör Seçimi ve Atama Krizi, Türkiye’de ve Dünyada Yükseköğretim Yönetimine Bir Bakış, Meteksan A.Ş. Baskı Tesisleri, Ankara.